

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 197в қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 349-қосымшада :

2-тармақ ", Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 534, 537-541-баптары" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ ", қылмыстық қудалау саласында алынған халықаралық міндеттемелерді жедел орындау және қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ ", шетелде ұсталған Қазақстан Республикасының азаматтарын экстрадициялау саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақ кестесі реттік нөмірі 2-жолының 5-бағаны ", арнайы экстрадициялық топтарды жіберу және анықталған әрі ұсталған қылмыскерлерді әлемнің әр түрлі елдерінен Қазақстан Республикасына экстрадициялау мәселелерін жедел шешуді қамтамасыз ету" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ ", қылмыстарды ашу, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауапкершілікке тарту, қылмыстық іс-әрекет жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*